



АСТАНА МЕН ТАШКЕНТ

қарым-қатынасты
нығайтады

2

АБАЙТАНУ



ҰЛЫЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ

6

ПАРИЖ – 2024



ЖҮЛДЕГЕРЛЕР АЛМАТЫҒА ОРАЛДЫ

7

РОБОТОТЕХНИКА

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ мәреге жетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аумағында 10-11 тамыз күндері Алматы қаласының әкімдігі, қалалық Білім басқармасы мен USTEM Foundation қоғамдық қорының ұйымдастыруымен робототехника және инновацияның бастығы Гүлнұр Нұрланқызы бойынша Алматы қаласы әкімінің Кубогы үшін «Tech Cup X» чемпионаты өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мерейтойлық іс-шараның ашылу салтанатында жас дарындарды қалалық Білім басқармасының «Алматы дарыны» орталығының басшысы Гүлнұр Нұрланқызы құттықтады.

Аталмыш дода биыл осымен оныншы мәрте өтіп отыр. Мерейтойлық дода жеті негізгі бағыт бойынша өтті. Жас өнертапқыштар робототехника, жасанды интеллект, дрондар және зымырандар бойынша өздерінің жобаларын қорғады. Чемпионат аясында мұғалімдерге арналған STEM-конфе-

ренция және оқушылардың ғылыми жобаларының көрмесі де ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Almaty Tech Cup X мерейтойы аясында First Global Challenge Дүниежүзілік Олимпиадасының Ұлттық кезеңі өтіп, оған Қазақстаннан іріктелген 40-қа жуық команда, сондай-ақ Өзбекстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілдері қатысты.

Жеңімпаздар қыркүйек айында Грецияда әлемнің 191 елінен келген командалардың қатысуымен өтетін жаһандық чемпионатта ел атынан өкілдік ету құқығына ие болады.

Жаһан көз тіккен байрақты бәсеке XXXIII Париж жазғы ойындар олимпиадасы мәресіне жетіп, спорт арқылы әлем жұртшылығының бірлігі артып, спорттың жаһандық идеологиялық әлеуеті арта түскеніне куә болдық. Ізін ала, көшпенділік рухтың символына айналған Еуропадағы ең ірі ат үстінде көшпелі мәдениеті мен дәстүрді сақтау іс-шарасының бірі болып саналатын Ғұн-Түрік Құрылтайы 9–11 тамыз аралығында Мажарстанның Бугач қаласында өтті. Іс-шараға 100 000-нан астам қатысушы келіп, 70-тен астам бағдарлама аясында сайысқа түсті. Мақаламызда көшпелі ойындарының ұлттар арасында бірегейлікті қалыптастырудағы әлеуетін талдап көрелік.

(Дереккөз: www.egov.kz).

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №64 (6515) 13 тамыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

12+

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАРСАҢЫНДА

Еуропа төріндегі бірегейлік идеясы:

ҒҰН-ТҮРІК ҚҰРЫЛТАЙЫ көшпенділік рух символы



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.08.2024

Түнде:



+17+22 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+32+37 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 13м/с

14.08.2024

Түнде:



+20+25 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+33+35 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Өзбекстан Президентінің Қазақстанға сапарынан кейінгі ой

АСТАНА МЕН ТАШКЕНТ
қарым-қатынасты нығайтады

7-8 тамызда Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев елімізге мемлекеттік сапармен келді. Бұл жолғы сапар екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуімен ерекшеленді. Стратегиялық әріптестік одақтастық қарым-қатынаспен толықты. Алдағы он жылға арналған бағдарлама бекітілді. Бұдан басқа оннан астам құжатқа қол қойылды. Алайда, бұл жол оңай болмағаны айқын. Ойымызды дәйектеу үшін екіжақты байланыстың тарихына үңіліп, алдағы болашағы жайлы сөз өрбітейік...

Негізгі нәтиже –
қабылданған құжаттар

Мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралардың негізгі нәтижесі қабылданған құжаттар екені сөзсіз. Онсыз кездесулердің маңызы жоғалады. Екі жақты келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев мынадай маңызды құжаттарға қол қойды:

- Қазақстан Республикасы Президенті мен Өзбекстан Республикасы Президентінің Бірлескен мәлімдемесі;
 - Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің қазақ-өзбек екіжақты ынтымақтастығын одан әрі дамыту жөніндегі шешімі;
 - Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің Сыртқы істер министрлері кеңесі туралы ережені бекіту жөніндегі шешімі.
- Екінші құжатты талдайық. Биыл екі ел арасындағы Жоғары мемлекетаралық ке-



(Фотодереккөз: akorda.kz).

нестің алғашқы отырысы өтті. Бұл жиында 2024–2034 жылдарға арналған стратегиялық серіктестік және одақтастық Бағдарламасы бекітілді. Яғни алдағы он жылға ортақ мақсатқа жету үшін нақты қадамдар мен күтілетін нәтижелер бекітілді. Бағдарламаның мәтіні алдағы уақытта шыға жатар. Алайда, оның қабылдануы уағдаластықтың нақты іске көшкенін білдіреді.

Қос елдің Сыртқы істер министрлері кеңесі (СІМК) Жоғары мемлекетаралық кеңестің жұмысын үйлестіруші қызметін атқарады. СІМК Жоғары мемлекетаралық кеңестің қабылдауына енгізілетін күн тәртібінің, шешімдердің және қорытынды құжаттардың жобаларын қарайды және мақұлдайды. Қарапайым тілмен айтқанда, отырыстарды ұйымдастырумен айналысады. СІМК екі жақтың да мүддесін ескеріп жұмыс істеуі тиіс. Сондықтан ол туралы Ереже қабылданды.

Бұдан бөлек, екі ел арасында біршама маңызды құжат қабылданды. Олардың ішінде үшеуін ерекше атап өтуге болады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен

Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы 2006 жылғы 4 қыркүйектегі қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімінің хаттамасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы 2006 жылғы 20 наурыздағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама.

Құжаттардың мәтіні әлі жарияланбады. Алайда, олардың ағауына қарап-ақ алдын ала қорытынды жасай аламыз. Шекара арқылы азаматтар, тауарлар мен ақша айналымы, көлік транзиті жақсара түспек. Себебі, соңғы келісім 2006 жылы қабылданған. Ашығын айту керек, одан бері тым ұзақ уақыт өтті. Оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу – қоғам көптен бері күткен мәселе еді.

Мәңгілік достықтан –
одақтастыққа дейін...

Қазақстан мен Өзбекстан үшін стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасты жолға қою оңай шаруа болмады. Бұл бағыттағы алғашқы құжат 1998 жылы 31 қазанда қабылданды. Ол «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт» деп аталды. Құжат екі ел арасындағы байланысты мазмұнды ете алмады. Себебі, «Мәңгілік достық» ұғымы «дұшпан емеспіз» дегенді білдіреді. Терең сауда-экономикалық, мәдени байланыс жайлы сөз болмады.

Кейін 2013 жылы 14 маусымда «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шарт» жасалды. Мұнда негізгі сөз «стратегиялық әріптестік». Шарттық мазмұны толықты. Екі ел бір-бірінің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтей отырып, түрлі саладағы байланысты нығайтуға келісті. Алайда, байланысты нығайтуды көздейтін институттар құрылмады. Бұл олқылықты жою мақсатында алғашқы әрекет 2021 жылы жасалды.

2021 жылы 6 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы декларация» қабылданды. Бұл шарт достықты дамыту мен көпқырлы ынтымақтастықты тереңдетудегі жаңа кезеңге жол ашты. Не үшін жаңа кезең? Себебі, байланыс «одақтастық қатынаспен» толықты. Декларация қарапайым тілмен айтқанда, уағдаластық сияқты. Оны нақты құжатпен бекіту керек.

2022 жылы 22 желтоқсанда Ташкентте «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт» қабылданды. Оны Өзбекстан 2023 жылы 30 қарашада, ал Қазақстан тарапы 2024 жылы 20 мамырда ратификациялады.

Бұл шарт несімен маңызды? Біріншіден, екіжақты байланыс институциялануда. Жоғары мемлекетаралық кеңес пен оның үйлестіруші органы СІМК тұрақты түрде жұмыс істей бастады.

Екіншіден, екіжақты байланыс мазмұнды бола түсуде. Енді сауда-экономикалық, мәдени, ақпараттық және өзге де салалық қарым-қатынас нығаяды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАРСАҢЫНДА

(Басы 1-бетте)

Іс-шараны Венгрияның Тұран қоры ұйымдастырып, құрылтайға Венгрия Ұлттық ассамблеясы төрағасы, Түркі мемлекеттері одағының Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев және Түркі мемлекеттері одағына мүше елдердің өкілдері мен дипломатиялық қызмет өкілдері қатысты. Негізгі мақсаты – ұмыт болып бара жатқан көшпенділер ойынан қоғам алдында кеңінен насихаттау.

- 8–13 қыркүйек аралығында Астанада этникалық спорт түрлері бойынша халықаралық спорттық жарыстар – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Іс-шараға 89 елден екі мыңнан астам спортшы қатысады.

Әлеуеті зор іс-шара

Құрылтай бағдарламасында мәдени және спорттық іс-шаралардан бөлек, археологиялық және антропологиялық көрме ұйымдастырылып, атты әскерлердің шеруі, садақ ату, қыран күс салу, дала жауынгерлерінің атқа міну өнері, күрес өнері мен түркі халықтарының музыкалық қойылымдары көрсетілді.

Қашанда спорттық жарыстардың мәні – тараптар арасында сайысу, бірінен озып, келесісінен артта қалу емес, керісінше қатысушылар арасында достық, бауырмалдық рухын қалыптастыру. Мажарстан төрінде ұйымдастырылып отырған Құрылтайдың мақсаты да осы. Түркі халықтары арасындағы ортақ тарих пен құндылықтарды насихаттау, жүйеге қою.

Соңғы жылдары Түркі мемлекеттері одағы аясында мәдениет, өнер, спорт саласында ауқымды іс-шаралар қолға алынып келеді. Себебі, біртұтас түркі идеясы мемлекеттер арасында тек саяси кездесулер мен меморандумдар негізінде шектеліп қалмай, азаматтар арасында бірегейлікті ортақ этноспорт ойындары арқылы насихаттағанда ғана сан ғасырлық тарихы бар көшпенділер өркениеті қайта оянбақ. Мажарстан төрінде өткен Құрылтай, қыркүйек айында елімізде өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына ауқымды дайындық іспетті.

Еуропа төріндегі бірегейлік идеясы:

ҒҰН-ТҮРІК ҚҰРЫЛТАЙЫ
көшпенділік рух символы

(Дереккөз: www.kazinform.kz).

«Ұлы Дала дүбірі» ұраны

Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына жүзден астам мемлекеттен 2 мыңға жуық спортшы қатысады деген болжам бар. Ойындар «Ұлы Дала дүбірі» ұранымен өтеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық, дас-

түрлі спорт түрлері бойынша халықаралық сайыс ретінде 2014, 2016 және 2018, 2022 жылдары сәтті ұйымдастырылды. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары алғашқыда Қырғызстанда, Шолпан Ата қаласында өтсе, 2022 жылы Түркияның Изник шаһарында ұйымдастырылды. Биыл бесінші ойын Астана қаласында өтпек. Бұл – әлем жұртшылығына көшпенділердің даналығы мен дәстүрін, мәдениеті мен өнерін паш ететін халықаралық деңгейдегі айтулы жоба. Ескеретін маңызды тұсы, аталмыш ойынға тек көшпелі өркениет елдері ғана емес, әлемнің барлық елдерінен өкілдер қатысады. Қазірдің өзінде елімізде өтетін Көшпенділер ойындарына әлемнің 89 елінен екі мыңнан астам спортшы қатысатыны белгілі болды. Жобаның негізгі мақсаты – көшпелі ойындарға әлем елдерінің қызығушылығын арттыру арқылы көшпенділер өркениетін, мәдениетін дәріптеу. Бесінші көшпенділер ойынында спорттың 20 түрінен жарыс және 10 көрнекі спорт сайысы өтпек.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының туристік әлеуеті жоғары. Мысалы, бас қаламызда өтетін спорт іс-шарасына 100 мыңнан астам турист келмек. Көшпенділер ойынының басқа спорттық іс-шаралардан ерекшелігі, ұш таған іспетті – спорт, мәдениет және ғылым салаларын бірдей қамтуында. Мысалы, сайысқа салынатын 100-ге жуық медальға таласушылар спорттық іс-шаралармен қатар, мәдениет және ғылым бағдарламалары бойынша сыннан өтпек. Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары ҚР Ұлттық музейінде ұйымдастырылмақ. Бұл тұрғыдан, көшпенділер ойының құрылымы болашақта жаһандық тұрғыда өзге де байрақты бәсекелерге үлгі болары сөзсіз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Жастардың бизнес-бастамаларын қолдау:

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

жобасы жалғасады

Еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, жыл басынан бері 20 мыңнан астам жастар кәсіби бағдар беру жұмыстарымен қамтылды.

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. 2024 жылдың басында республика жастарының саны – 5 759 781 адамды құрады. Бұл 14 пен 35 жас аралығындағы қазақстандықтар. Жыл басынан бері 130 мыңнан астам жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың бағыттары бойынша консультациялық көмек берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғын үй мәселелерін шешу үшін ағымдағы жылғы наурыз айында Отбасы банкімен бірлесіп, аудиториясының 60%-ы жастарды қамтыған «9-20-25/Отау» жаңа ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 1 мамырдағы жағдай бойынша жас отбасылардан 16 747 өтініш берілген. Сонымен қатар, 18 жастан 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар үшін еліміздің 16 өңірінде жылдық кредит бойынша пайыздық мөлшерлемесі 5%, бастапқы жарнасы 10% және 25 жылға дейінгі мерзімі беріл-



ген жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары іске асырылуда. «Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Қағидада жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алу үшін жыл сайынғы жинақтау шегін енгізу көзделеді. Шығармашылық және белсенді жастарды қолдауға қатысты «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының қағидаларына толықтырулар енгізілді. Біріншіден, сыйлықақы мөлшері 600 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Екіншіден, «Қоғамдық қызмет» жаңа номинациясы қосылды.

Жастар саясатының негізгі бағыттары: жұмыссыздық, тұрғын үй мәселелерін шешу, бизнес-бастамаларды қолдау, сондай-ақ білім мен мәдениет деңгейін көтеру. «Zhas project» жобасы аясында биыл ауыл жастары арасында 280 грант бөлініп, бизнес-жобаларын іске асыру үшін NEET санаты іске асырылуда. Жастардың бизнес-бастамаларын қолдау үшін «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасын іске асыру жалғасуда. 2024 жылы 3 млн теңге көлемінде 30 грант бөлу көзделген. Волонтерлік саланы қолдау мақсатында қосымша «Волонтерлік» бағыты қарастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ЖАСТАР АЛАҢЫ

Білім беру:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ ЭТИКАСЫ

Бүгін Алматыда ашылатын үшінші халықаралық ЮНЕСКО моделі іс-шарасына 32 мемлекеттен 53 жас делегат қатысады



(Дереккөз: primeminister.kz)

Бүгін Алматы қаласында Қазақстанның Дүниежүзілік ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтары федерациясына төрағалық етуі аясында «Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың этикасы» тақырыбында үшінші халықаралық ЮНЕСКО моделі өз жұмысын бастайды, деп хабарлайды aqshamnews.kz.

Соңғы жеті жыл ішінде ЮНЕСКО моделі Федерацияның ең ірі білім беру жобаларының бірі ретінде халықаралық деңгейге дейін кеңейіп, әлемнің түкпір-түкпірінен келген жастардың пікір алмасуының тұрақты алаңына айналды.

Іс-шараның басты мақсаты – ЮНЕСКО-ның жаһандық сын-қатерлер мен қатысушылар арасындағы негізгі басымдықтар саласындағы жұмысы туралы білімі мен түсінігін тереңдету.

«Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың этикасы» тақырыбындағы үшінші халықаралық ЮНЕСКО моделі, Алматыдағы ЮНЕСКО-ның Өңірлік кеңсесімен бірлесіп Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясының ұйымдастырылуымен өтеді. Жоба Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының және «Шымбұлақ» тау курортының қолдауымен жүзеге асырылуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● БРИФИНГ



ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ:

Күресудің тетіктері қандай?

Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Медсантұлының мәлімдеуінше, діни экстремизм мен терроризм идеологиясының таралуының алдын алу шеңберінде мегаполисте дін, саясат, тарих, психология, мәдениет, құқық және т.б. салаларда 42 маманнан тұратын ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Жыл басынан бері діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу аясында барлығы 28 мың адамды қамтитын 334 іс-шара өткізілді. Бұдан басқа, радикалды діни идеологияға иммунитетті қалыптастыру және халықтың діндар бөлігі арасында дәстүрлі рухани сананы нығайту мақсатында профилактикалық жұмысқа мешіттердің білікті имамдары тартылады. Бұл бағытта жыл басынан бері 500-ге жуық кездесу ұйымдастырылып, 60 мыңға жуық адам қамтылды. Сондай-ақ, 3 мыңға жуық адамның қатысуымен қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихы, ағартушылары мен батырлары туралы 10 викторина өтті», – деді Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы.

Сонымен қатар, дін саласындағы заңнама талаптарына қатысты 629 мың ақпараттық брошюра әзірленіп, жеке және көпқабатты үйлердің тұрғындары арасында таратылды.

Экстремистік және радикалды діни идеологиядан зардап шеккен азаматтарды оңалтуға ерекше назар аударылады. Басқарма жанынан 2017 жылдан бастап консультация және теологиялық оңалту қызметтерін көрсететін арнайы орталық жұмыс істейді.

«Биыл жылдың басынан бастап аталған орталықтың қызметі шеңберінде білікті теолог-мамандар мен психологтарды тарта отырып, теріс діни идеологияның ықпалына ұшыраған 1000-нан астам адаммен жұмыс жүргізілді. 7 айдың қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 84 адам ақталды», – деді спикер.

Сондай-ақ, «Жусан» операциясы аясында елге қайтарылған азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Басқарма интернет арқылы діни экстремистік идеологияның таралмауы үшін үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізуде. Осылайша жыл басынан бері радикалды діни идеологияның зияндылығы туралы 200-ден астам фото және бейнематериалдар дайындалды. Бұл материалдар әлеуметтік желілердегі ресми беттерде, сондай-ақ блогерлердің, дінтанушылардың, имамдардың, жалпы саны 2,2 млн жазылушысы бар мәдениет және өнер өкілдерінің әлеуметтік желілердегі паракшаларында және танымал ақпараттық порталдар мен аумақтық БАҚ-та жарияланды.

Биыл ҚР Дін саласындағы заңнаманы бұзудың 9 фактісі анықталып, тиісті шаралар қабылданды.

Басқарманың мәліметінше, Алматыда барлығы 17 конфессияның мүддесін білдіретін 192 діни бірлестік тіркелген. Қала аумағында 118 діни ғимарат жұмыс істейді.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАСТАР
САЯСАТЫбасқармасының басшысы
тағайындалды

Алматы қаласы әкімінің өкімімен Азиз Қажденбек Жастар саясаты басқармасының басшысы қызметіне тағайындалды.

Азиз Қажденбек 1993 жылы дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Еңбек жолын 2013 жылы бастаған. Әр жылдары қаладағы үкіметтік емес ұйымдарда, жоғары оқу орындарында қызмет етті. Халықаралық бизнес университетінің (UIB) Жастар орталығының директоры және М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының тәрбие жұмысы департаментінің директоры қызметін атқарды.

Сонымен қатар, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры лауазымында болды. 2023 жылы наурыз айынан бастап қазірге дейін Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

МАРАПАТ

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Алматыда Құрылысшылар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті

Алматы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов Мемлекет басшысының атынан көп жылғы еңбегі мен қаланың дамуындағы жоғары жетістіктері үшін сала өкілдеріне құрмет наградаларын табыс етті.

«Құрмет» орденімен «Монтаж-спецстрой» АҚ директорының орынбасары Лилия Вертиева мен «Диал-Строй» ЖШС Бас директорының орынбасары Бакыт Рымжанов марапатталды. III дәрежелі «Еңбек Данқы» орденімен – «BAITAU INVEST» ЖШС жобаларының бас сәулетшісі Гүлнар Есенбекова. Сондай-ақ, ерекше еңбек сіңірген құрылыс саласының еңбеккерлеріне «Ерен еңбегі үшін» медальдары, Алматы қаласы әкімінің «Алғыс хаты» табыс етілді.

Құрылысшылардың маңызды кәсіби мерекесі күні қаламыздағы қажырлы еңбегімен бағаланған құрметті құрылысшыларды марапаттауы тәуліктің кез келген уақытында тынымсыз әрі белсенді жұмыс істейтін қаламыздың құрылыс мамандарының ерекше еңбегін ескергендік.

Қала құрылысындағы серпінді істер нәтижесінде жылдар бойы зарыға күткен алматылықтар кезек ретімен жайлы, кең де жарық пәтерлерге ие бола бастады. Бұл ретте әлбетте, әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар алдыңғы кезекте тиісті пәтерге қол жеткізіп, қуанышқа бөленіп, ау-



дан, қала басшылығына алғысын жаудыруда. Пәтер кілтін табыстау салтанатына қатысқан өзіміз де мұндай сәттерге куә болып, «Ақшам» бетіне жарқырата жазып жүрміз. Қала әкімінің бастамасымен, тікелей қолдауымен қолға алынған мүмкіндігі шектеулі, денсаулығы сыр берген, зейнет жасындағы алматылықтарға жыл соңына дейін 2 мың пәтер берілетін болады. Бүгінге дейін бұл пәтерлердің жартысынан астамы берілді.

Қала әкімінің орынбасары өз құттықтауында қаланың даму қарқыны мен соның салдарынан қала тұрғындарының өмір сүру сапасы құрылысшылардың жұмыс нәтижесіне байланысты екенін атап өтті.

«Біздің қалада құрылыс жетекші

сала саналады. Тіпті, ел бойынша локомотив дей аламыз. Құрылыс болған соң бір жердің өзінде 5-6 жұмыс орны ашылады. Бұл жағдай – елімізде, соның ішінде қаламызда баға жетпес жетістік. Қалада жыл сайын жаңа мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер, жолдар, өндірістік нысандар салынады. Мұның бәрі біздің құрылысшыларымыздың арқасында жүзеге асуда. Жиынға қатысушы қала құрылысшыларын, осы сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Барлық игі бастамаға сәттілік тілеймін!», – деп мерекелі лебізін білдірді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

БРИФИНГ

Алматыда жұмыссыз жастар саны азайып келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек мәлімдеді. Спикер сондай-ақ, мегаполисте жастар саясатының қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы айтты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

НЕЕТ-ЖАСТАР – НАЗАРДА

«Былыр қалалық Мансап орталығы ашылды. Іске қосылған сәттен бастап оған 4 мыңнан астам жас келді. Аталған орталық 3 мың адамды жұмысқа орналастыруға дәнекер болды», – деді Азиз Қажденбек.

Өзекті, сұранысқа ие мамандықтарды оқыту үшін «Жас сарапшылар мен пікірсайысшылар клубы» жобасы да назарда.

«IQ-ALA jastary» зияткерлік жобасы аясында биылғы 3 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Leader Cup» студенттік лига-турнирі ұйымдастырылды. Турнирге 20 ЖОО мен 15 колледж студенттері қатысып, әр оқу орнынан 4 қатысушыны ұсынды. Жобаға мың адам қатысқан.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

құмар ойындардың алдын алу бойынша акпараттық жұмыс жүргізілді. Заңсыз сайттар мен онлайн-порталдар анықталды, оларды Полиция департаментімен бірлесіп бұғаттау жұмыстары жүргізілуде.

Жас ұрпақтың сыни ойлау дағдысын дамыту үшін «Жас сарапшылар мен пікірсайысшылар клубы» жобасы да назарда.

«IQ-ALA jastary» зияткерлік жобасы аясында биылғы 3 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Leader Cup» студенттік лига-турнирі ұйымдастырылды. Турнирге 20 ЖОО мен 15 колледж студенттері қатысып, әр оқу орнынан 4 қатысушыны ұсынды. Жобаға мың адам қатысқан.

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕП ТҮР

Алматыда қаланың 30 ірі ұйымымен өз-

ара іс-қимыл жасайтын қалалық волонтерлер фронт-офисі жұмыс істейді.

«Биылғы қаңтардан бастап алматылық волонтерлер 7 негізгі бағыт бойынша 250-ден астам іс-шара мен акция өткізді. Кейбіреулер ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқытумен айналысады, ал басқалары жалғызбасты зейнеткерлерге арналған пансионаттарда шығармашылық кештер ұйымдастырады. Көптеген волонтер жануарларға көмектесіп, қоршаған ортаға қамқорлық жасайды», – деді спикер.

«Таза Қазақстан» бастамасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» жобасы аясында еріктілер қаланы тазарту және жастарды эко-тәрбиелеу бойынша экологиялық акцияларға белсенді қатысып, Алматыны барлық тұрғыны үшін таза әрі жайлы етеді.

Қалада қатысушылар үшін мотивация

және әлеуметтік лифт ретінде қызмет ететін волонтерлердің өсуінің геймификацияланған жүйесі енгізілген.

Алмалы ауданының комьюнити-орталығында ел өңірлерінде су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жиналды.

«592 тоннадан астам гуманитарлық көмек жиналды. 300 тонна азық-түлік, 177 тонна гигиеналық құралдар, 80 тонна киім, қалған 35 тоннасы тұрмыстық заттар. Бұл жұмыстарға 150-ден астам ерікті жұмылдырылды», – деп атап өтті А.Қажденбек.

ЖАТАҚХАНА БЕРІЛЕДІ

Азиз Қажденбек жатақхана жайын да қозғап өтті. Алматыда 35 ЖОО орналасқан, онда 199 мыңнан астам студент оқиды, оның 124 мыңы (62%) өзге қаладан келіп оқып жатқандар. Жатақхана тапшылығы 28,7 мың төсек-орынды құрайды.

«Жол картасы аясында 2025 жылдың соңына дейін 12 мың төсек-орын, ал 2030 жылдың соңына дейін тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарланған, бұл жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді», – деді спикер.

Жатақхана құрылысын тиімді үйлестіру үшін 2023 жылдың наурызында әкімдік ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жобалық кеңсені іске қосты. Іске қосылған сәттен бастап жобалық кеңсеге 120 әлеуетті инвестор жүгінген. ӨКҚ спикері бүгінгі күні Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматы және Астана қалаларындағы студенттік жатақханаларға арналған ғимараттарды қайта жаңарту кезінде мемлекеттік тапсырыстың көлемін жылына бір төсек-орын үшін 92 АЕК-тен 184 АЕК-ке дейін 6 жыл ішінде ұлғайту жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Биыл 5752 төсек-орынға арналған 11 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде 1200 төсек-орынға арналған 4 нысан осы тамызда іске қосылады.



МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

ONAY ЖҮЙЕСІ
штаттық тәртіпте
жұмыс істеуде

Алматыдағы Көлік холдингінің хабарлауынша, DDOS шабуылынан туындаған ONAY мобильді қосымшасының кейбір сервисіндегі шектеу жойылғанын хабарлады.

Айнабай МӘДИ

«9 тамыздан бастап Алматы Көлік холдингінің желілік ресурстарына бұрын-соңды болмаған DDOS шабуылы жасалған болатын.

Бұл ретте автобустардағы жабдық штаттық тәртіпте жұмыс істеді. Жол ақысы көлік картасы, СМС, ONAY мобильді қосымшасы арқылы төленді. Кейбір пайдаланушылар DDOS шабуылына байланысты Мобильді қосымшаның кейбір қызметтерінде шектеу болуы ықтимал», – делінген хабарламада.

Холдинг мамандары жүйе жұмысын ретке келтіруге қатысты жұмыс істеп, барлық байланыс сервисі мен арнасы штаттық тәртіпте жұмыс істейтінін атап өтті. Көлік холдингінің мамандары жағдайды бақылауда ұстап, жедел тәртіпте жағдайдың қайталануына жол бермеуді ойластырып, қажетті шараларды қабылдады.

«ADAL URPAQ» ЖОБАСЫ

Алматыда Халықаралық жастар күнін мерекелеу аясында «Адал азамат. Жастар арасында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» атты іс-шара өтті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының мемлекеттік тапсырысы негізінде «Adal Urpaq» жобасы іске асуда. Жиын барысында қоғамның ең қауіпті дерті – сыбайлас жемқорлықтың салдары, жастардың бойында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бастамалары талқыланды.

Семинарға қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың зиянын мектеп бағдарламаларына және университеттерге енгізудің маңызын талқылап, жастар арасында сыни ойлауды дамыту және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын түсіну қажеттігін атап өтті.

«Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында біраз жұмыс атқарылуда. Бүгінгі фасилитациялық семинардың мақсаты – қалада орналасқан мемлекеттік орган қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық мәселесін талқылау, жастарды адалдыққа тәрбиелеу.

ҚАЛА ҚОРЖЫНЫ



АДАЛ АЗАМАТ

Жастар арасында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шара өтті



Жемқорлықпен күресте қолданатын әдістер мен жастардың ой-пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, олардың кез келген жақсы бастамасына қолдау көрсететін боламыз», – дейді «Парасатты ұрпақ үшін» қоғамдық қорының басшысы Марат Мәуленұлы.

БЮДЖЕТТІК ТҮСІМ

жарты жылда 27,5 пайызға артты

Алматыда мемлекеттік бюджетке түсетін түсім үлесін жарты жылда 27,5 пайызға арттырды.

«Алматы қаласында жергілікті бюджеттің кірісі тұрақты түрде өсіп отыр. Биылғы бірінші жартыжылдықта мемлекеттік бюджет түсіміндегі қаланың үлесі – 27,5 пайызға өсті», – деп хабарлайды шаһардың қаржы басқармасы.

Жергілікті бюджетке 23,1 пайызға көп кіріс немесе 986 млрд теңге аударылды. Алматының 2024 жылға арналған бюджеті 183,5 млрд теңгеге өсіп, 1807,6 млрд теңгеге жетті. Бұған қоса, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен қосымша 96,8 млрд теңге бөлінеді.

А.ҚЫДЫРБАЙ.

#ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ТАУҒА БАРСАҢ ТАЗАРАСЫҢ...

Елімізде «Таза Қазақстан» акциясы бастау алғалы талай жүйелі жұмыс жүзеге асып жатыр. Ең бастысы, табиғат қана емес, өзіміздің де санамыз тазарып жатқандай. Аталмыш акция аясында сенбі күні мемлекеттік күзет қызметкерлері Іле Алатауын бетке алып, тазалық жұмыстарын жүргізді.

Рая ЕСКЕНДІР

Әсте «Тауға барсаң тазарасың» деген тәмсіл текке айтылмаса керек. Таудың саф ауасын жұтып, сылдырлай аққан бұлақ суын ішіп, жан рахатын сезінгенге не жетсін. Дегенмен, кейбір тұрғындар тауға барғанда қоқысын шашып, табиғатты аяусыз жаралап қайтады екен. Біз бұл жағдайға күзет қызметкерлерінің қап-қап қоқыс теріп, бос бөтелкелерді тау қып жинағанын көргенде көзіміз жетті. Тілсіз табиғатты бұлай қорлау адамзат үшін үлкен күнә. Ал оны аялап, тазалығын сақтау үлкен сауапты іс.

– Біз туған еліміздің табиғатын сақтағымыз келеді. Өз басым дәл осындай сұлу табиғатты әлі көрген жоқпын. Біздер, ересектер табиғатты көздің қарашығындай сақтасақ, балаларымыздың да көргенін істейтіні анық қой, – дейді күзет қызметкері Евгений Пивень.

Бұл күні тау баурайынан жиналған қоқыс қалдықтары қалалық полигонға жөнелтілді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨШЕ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Момышұлы көшесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты қозғалысқа уақытша шектеу енгізіледі.

12 тамыз күні сағат 23.00-ден 14 тамыз күні сағат 11.00-ге дейін «Дарабоз» ықшамауданынан Мөңке би көшесіне дейін жол жабылады. Аумақты Рысқұлов даңғылы және Ф.Оңғарсынова, Универсиада, Мөңке би көшелері мен «Ақбұлақ» ықшамауданы арқылы айналып өтуге болады.

14 тамыз күні сағат 23.00-ден 16 тамыз күні сағат

11.00-ге дейін Райымбек даңғылынан Рысқұлов даңғылына дейінгі аралық жабылады. Бұл аумақты Талдыарал, Еспаев, Қ.Шәріпов көшелері арқылы айналып өтуге болады.

Жөндеу жүргізілетін аумақтарда ескерту белгілері мен мердігер ұйымның жауапты тұлғасының байланыс ақпараттары көрсетілген стендтер орнатылады.

Естеріңізге сала кетейік, жол қозғалысына қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram арнасында, аудандық әкімдіктер мен басқармалардың әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ 2GIS пен «Яндекс карталар» сервистерінде жазылған.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АСФАЛЬТТЫ
ҚЫРЫП, ЖАҢАЛАУ
түнгі уақытта жүргізіледі

Биыл Алматыда ұзындығы 250 шақырым болатын 274 көшеге орташа жөндеу жұмысы жүргізіледі. Осылайша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 92 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. 20 магистральді көшеде жол төсемінің беріктігін арттыруға полимерасфальтбетон қолданылуда. Жөнделетін аумақтар 36 сағатқа жабылады. Себебі, осы уақыт аралығында жол төсеміндегі қоспа суып, тиісті талапқа сай қатуы қажет.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен магистральді көшелердегі жөндеу жұмысы тамыз айының соңында, ал аудандық маңызы бар көшелердің жөндеуі қазанның ақырына дейін аяқталады. Асфальтты қырып, жаңасын төсеу жұмыстары түнгі уақытта жүргізілуде. Мұндай ыңғаймен жұмыс істеу шаһар тұрғындарының шыркын бұзбау үшін қолайсыздықты азайту мақсатында қолға алынып отыр.

Айнабай МӘДИ.



Ұлылыққа тағзым

Алматыда қалалық әкімдіктің қолдауымен биыл 7–10 тамыз аралығында Абай күніне арналған 20-дан астам іс-шара өткізілді

Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Абай ескерткішінің алдында «Адамзаттың Абайы» атты мүшәйра өтті. Салтанатты іс-шара Алматы қаласы әкімі мен аудан әкімдері аппараттары, басқармалар және Алматы қаласы мәслихаты, «Аманат» партиясының Алматы қалалық филиалы, Алматы қаласындағы Қытай Халық Республикасының бас консулдығы, мемлекеттік және ғылым, білім мекемелері, жоғары оқу орындары басшылары мен өкілдерінің Абай ескерткішіне гүл қою рәсімімен басталды.



сынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Бауыржан Жақып бастаған Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, елімізге танымал 18 ақын ұлы тұлға өз шығармашылығынан жыр арнады.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетованың шәкірттері, №36 гимназия оқушылары Абай өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

«Абайдың әрбір өлеңінде терең мағына бар. Бүгінгі іс-шарада ақынның «Ұяламын дегені көңіл үшін» атты өлеңін оқыдым. Бұл өлең шумақтарында адамның бойындағы жақсы мен жаман қасиеттер жайында айтылған. Меніңше, саналы адамға үлкен тәрбиелік мәні бар өлең. Ол кісінің шығармашылығы адам бойындағы жаман қасиеттермен күресуге арналған сияқты. Ұлы Абайдың туындыларын жатқа білу – әрбір қазақтың парызы деп білемін», – деді мүшәйраға қатысқан оқушы Тоғжан Дәуренқызы.

Алматы қаласындағы Қытай Халық Республикасының бас консулдығының қызметкерлері Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен «Көзімнің қарасы» әнін қазақ тілінде орындады.

Мүшәйрада арнайы кітап және этно бұйымдар көрмесі мен саудасы ұйымдастырылды. Іс-шараға белсене қатысқан ақындар мен өнерпаздарға естелік сыйлықтар мен Алғыс хаттар табысталды.

Абай күніне орай Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында сарапшылық талқылау өтіп, онда жетекші ғалымдар, мәдени қайраткерлер қазақтың бас ақыны мен ойшылының қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесін, сондай-ақ оның қазіргі

әлемдегі шығармашылығының өзектілігін жан-жақты талқылады.

Алғашқы сөз кезегін алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры, саясаттану ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төрегелді Тұяқбай қазіргі ұрпақ үшін ұлы ақынның барлық еңбектерінің маңызы өзекті екенін, бір ғана аспектіні атауға болмайтынын айта келе:

«Абай және Абайтану туралы мәселені қозғаған кезде, бәрі де маңызды деп тізбектеп айта беруге болар еді, бірақ бүгінгі күні өзекті болып тұрған мәселе, Абайдың ілімін айтар болсақ, оның ішінде 7 түрлі концептуалды, және одан туындайтын қосалқы, көптеген салаларды таратып айтуға болады. Оны қай қырынан оқысаңыз да, танысаңыз да, есейген сайын Абайдың әлемі шексіз ұлғая береді, көбейе береді. Мен осыны баса айтқым келеді, яки біз Абайды әлі толық танып-білген жоқпыз. Дәл қазір бізге өз жұртшылығымызға ғана емес, мына әлемге Абайды таныту, Абай ілімін таныту парызымыз болып отыр. Абай – қазіргі тілмен айтқанда, еліміздің, Қазақстанның ұлттық бренді. Ұлы ақынның есімі аталғанда кез келген шет елдің азаматы қазақ елі, қазақ жұрты деп ойлау керек. Ең бастысы – қазақ десе Абай есіне түсу керек» деген ойымен бөлісті.

Жалпы, Абай мұрасының кейбір аспектілері әлі де зерттеуді қажет етеді. Міне, сондықтан бұл бағытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары жұмыс істеп жатыр. Осы бағытта тынбай еңбек етіп келе жатқан аталмыш институттың жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының

кандидаты Ләйла Мұсалы Абай Құнанбайұлы шығармашылығының зерттелмеген аспектілері көп екенін атап өтті.

«Біздің институт екі ғылыми жоба жүргізіп жатса, оның біріншісі – «Абай шығармашылығын пәнаралық аспектіде зерттеу», екіншісі – «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері». Сондықтан Абай ілімдерін қамтитын негізгі тұжырымдамалар өте өзекті деп ойлаймыз. Бұл бәріне белгілі ақыл, ар-ождан, білім, ғылым, күш және әрине, «абайша» айтқанда, жүрек бірінші орында. Осы орайда профессор Жанғара Дәдебаев басқаратын біздің институтта Абайдың адамгершілік кодексі әзірленді. Бұл, ең алдымен, жастардың, Жаңа Қазақстан өкілдерінің моральдық компасы, моральдық барометрі. Сондай-ақ, бүгінгі таңда біз Абай ілімін қолдануға көп көңіл бөлуіміз керек. Әрине, біз бәріміз Абайды білеміз, бірақ оны түсінеміз бе? Ең бастысы, біз оны өмірімізде қолданамыз ба? Сондықтан Абай ілімінің зерттелмеген аспектілері өте көп. Иә, өйткені Абай шығармашылығы жан-жақты және синкретті. Жаңа Қазақстан жағдайында бізге оның негізгі тұжырымдамаларын жаңа аспектіде, жаңа қырында түсінуге және қолдану қажет», – деді Л.Мұсалы.

Елімізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылы 4 тамыздағы қаулысымен Абай күні мерекелік датаға айналғаны белгілі. Биыл да Алматыда ұлы Абай күні барлық ауданында кеңінен аталып өтті. Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Абай әлемі» атты концерт-спектакль өтті. Қалың көрермен режиссер Фархад Молдағалидің талантына тағы да тәнті болды. Бұл күні Болат Әбділманов, Ерлан Біләл, Нұркен Өтеуіл, Ернат Күншібаев сынды танымал актерлер ұлы ақынның бейнесіне еніп, өмірінен сыр шертті. Ұлы Абай шығармашылығындағы жаһандық тақырыптарды қозғады. Осылайша Абайдың жас, дана және күрескер кезеңдерін танымал сахна актерлері барынша ашып, шеберлікпен сомдады.

Спектакльде Темірбек Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының хоры мен SteppeSons аспаптық тобы Абайдың әндерін орындап, қойылым мазмұнын аша түсті.

Сонымен қатар, «МузАрт» тобы, Ерден Жақсыбек, IL Canto тобы, Steppe Sons тобы, Ернар Амандық және басқалар өнер көрсетті. Бұған қоса, қаламыздағы оқу орталықтары мен кітапханаларында Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқу байқаулары өтті. Алматыда қалалық әкімдіктің қолдауымен биыл 7–10 тамыз аралығында Абай күніне арналған 20-дан астам іс-шара өткізілді.

Бетті әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР, Ернұр РЫСБАЙ.





БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР АЛМАТЫҒА ОРАЛДЫ

Алматылықтар Олимпиаданың күміс жүлдегері Демеу Жадыраев пен Олимпиаданың қола жүлдегері Назым Қызыбайды салтанатты түрде күтіп алды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Демалыс күні елге оралған Демеу Жадыраевты Алматы әуежайында жақындары мен жанкүйерлері, журналистер сән-салтанатпен қарсы алды.

— Қолдап жатқан баршаңызға алғыс білдіремін. Сіздер медаль алуға себепші болдыңыздар. Спортшыларға дем беріп,

сенім артып отырдыңыздар. Халықтың қолдауы спортшыға үлкен қуаныш пен мүмкіндік сыйлады, — деді ол.

Айта кеткен жөн, Демеу Жадыраев алғашқы жекпе-жегінде эквадорлық Джейр Куеромен белдесіп, 8:0 есебімен жеңіске жетті. Ширек финалда екі дүркін әлем чемпионы, Токио ойындарының күміс жүлдегері қырғызстандық Ақжол Махмудовтан 3:1 есебімен басым түсті. Ал жартылай финалда эрбайжан жігіті Санан Сулеймановты 6:1 есебімен жеңді. Финалда отандасымыз 77 келі салмақта қарсыласы жапониялық Нео Кусакадан жеңіліп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

Ал жаңа аптаның басында елге келген Назым Қызыбайды Алматы әуежайында жақындары мен жанкүйерлері, БАҚ өкілдері ыстық ықыласпен күтіп алды. Франция астанасы Парижде өткен XXXIII жазғы Олимпиада ойындарынан бокс бәсекесінен Назым Қызыбай қола жүлде еншілеген болатын. «Жалпы, Олимпиада ойындары жақсы өтті. Халық осы-

лай күтіп алған соң, жеңіске жеткенімді енді сезініп жатырмын. Барлық жанкүйерлерге мың алғыс! Халықтың қолдауын сезіндім. Елімнің, ата-анамның, бауырларымның мен үшін тақым қысып отырғандарын сезіндім. Өздеріңіз білетіндей, бізде бокстан үш дүркін әлем чемпионы жоқ. Тарих жаңартып, сол мақсатқа жетемін деп ойлаймын», — деді Назым Қызыбай.

Назым Қызыбай Париждегі Олимпиада ойындарында ең алғаш өткізген жекпе-жегінде италиялық боксшы Джордана Соррентинодан айласын асырды. Ал екінші жекпе-жегінде бразилиялық қарсыласы Каролин Барбоза де Алмейдадан 5:0 есебімен басым түсіп, ширек финалға шықты. Ширек финалда колумбиялық боксшы Каролайн Барбозадан айласын асырған. Ал жартылай финалда Назым Қызыбай 2022 жылғы әлем және Азия ойындарының чемпионы, қытайлық Ю Вуге есе жіберді.

ПАРИЖ – 2024

ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ БАСТЫ БӘСЕКЕСІ

Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы 1 алтын, 3 күміс, 3 қола жүлде олжалап, жалпыкомандалық есепте 43-орынға тұрақтады

Париж қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындары өз мәресіне жетіп, «Стад де Франс» стадионында салтанатты жабылу рәсімі өтті. Жабылу салтанатында Қазақстан құрамасының ту ұстаушылары таэквондошы Батырхан Төлеуғали мен гимнаст Эльжана Таниева болды.

Франция астанасы Парижде ұйымдастырылған XXXIII жазғы Олимпиада ойындары аяқталды. Төртжылдықтың басты бәсекесінде Қазақстан құрамасы 1 алтын, 3 күміс, 3 қола жүлде олжалап, жалпыкомандалық есепте 43-орынға тұрақтады. Ал Париждегі ең қалың қоржын АҚШ мемлекетіне тиесілі. Америкалық спортшылар 40 алтын, 44 күміс, 42 қола жүлде жеңіп, жалпыкомандалық есепте бірінші болды. Екінші орынға Қытай спортшылары (40 алтын, 27 күміс, 24 қола) жайғасты. Үздік үштікті Жапония (20 алтын, 12 күміс, 13 қола) түйіндеді. Олимпиаданың 13-орынмен аяқтаған Өзбекстан спортшылары Орталық Азия елдерінен үздік нәтиже көрсетті. Көрші мемлекеттің қоржынында 8 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль бар. Қырғызстан жалпы жарыс барысында 2 күміс, 3 қола жеңсе, Тәжікстан 3 қолаға қол жеткізді.

Айта кеткен жөн, Париж Олимпиадасында Қазақстан құрамасының 78 атлеті 25 спорт түрінен сынға түсті. Соның ішінде 54-і алғаш рет Олимпиадаға қатысты. Оның ішінде ел қоржынына алтын жүлдені дзюдодан 60 кг дейінгі салмақта өнер көрсеткен Елдос Сметов салды. 2016 жылы Рио Олимпиадасында – күміс, 2021 жылы Токиода қола алған отандасымыз Парижде Олимп шыңын бағындырды. Осылайша жерлесіміз дзюдодан Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақ спортшысы атанды.



Гимнаст Нариман Құрбанов, палуан Демеу Жадыраев (77 кг) және боксшы Нұрбек Оралбай (80 кг) Олимпиаданың күміс жүлдесін олжалады. Грек-рим күресінің палуаны Демеу Жадыраев Олимпия ойындары тарихында араға 20 жыл салып осы спорт түрінен финалда белдесті. Ал Нариман Қазақстан гимнастика тарихында Олимпиадада медаль алған тұңғыш спортшы атағына ие болды. Нұрбек Оралбай бокстан Олимпиада тарихындағы 26-шы жүлдені ел қоржынына салды.

Ал Ислам Сәтпаев пен Александр Ле (нысана көздеуден аралас жұптық сын), дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев (66 кг) және боксшы Назым Қызыбай (50 кг) Париж Олимпиадасының қола жүлдегері атанды.

«Екі аптадан аса уақытқа жалғасқан Париж Олимпиадасы мәресіне жетті. Төрт

жылда бір келетін дүбірлі додада ел қоржынына Олимпиаданың алтынды да, күміс де, қоласы да түсті. Осындай ауқымды спорттық іс-шарада жүлде алып, жанкүйерлерді қуанышқа бөлеген барлық спортшыны табысты нәтижесімен құттықтаймын. Әрине, спортшыларымыздың бұдан да тәуір нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндігі болды. Дегенмен, Токио Олимпиадасындағы нәтижеден сабақ алып, Парижде жетістігімізді жақсартта алдық. Төрт жылдан кейін АҚШ-та өтетін келесі Олимпиадада бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткіземіз деген сенімдемін», — деді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Келесі жазғы Олимпиада ойындары 2028 жылы АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтеді.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТОП-10

тізіміне енген спортшылар

Қазақстан құрамасы Париж Олимпиадасын 7 жүлдемен аяқтады. Францияда ел намысын қорғаған 78 спортшының барлығына медаль тағу бұйырмаса да, жақсы нәтиже көрсетіп, алғашқы ондыққа енгендері аз емес.

Дзюдодан Әйелдер арасындағы бәсекеде Әбиба Әбужақынова қола медаль үшін күресіп, швециялық Тара Бабулфатқа жол берді. Осылайша спортшы қыз жарысты бесінші орынмен аяқтады. Сондай-ақ, спорттық гимнастиканың еркін жаттығу сайысы бойынша бақ сынаған гимнаст Милад Карими бесінші орын алды. Ақтық сында ол өз жаттығуы үшін 14.500 ұпай алып, алғашқы бестікке енді. Спорттық күзға өрмелеу шебері Әмір Маймұратовтың Олимпиаданың ширек финалына жетіп, жазғы ойындардан бесінші болды.

Нысана көздеу шебері Александра Ле пневматикалық винтовкамен 10 метрге нысана көздеуден финалға шығып, жалпы есепте алтыншы орыннан көрінді. Ол аралас командалық сында қола медаль алған болатын. Шпагамен семсерлесуден Қазақстан командасы Олимпиадада алғашқы алтыншы енді. Ширек финалда біздің спортшылар Венгрияға жол беріп, кейін Египетті жеңді. Сонымен қатар, шпагамен семсерлесуден жекелей сында қазақстандық Руслан Құрбанов алтыншы орын алды.

Брейкингтен ширек финалға жеткен Әмір Закиров сегізінші орын алса, 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруден Қазақстан намысын қорғаған Нора Джеруто 9-шы болды. Олимпиада ойындарында садақ ату шеберлері де сынға түсті. Командалық жарыста Ильфат Абдуллин, Александр Еременко және Дәулеткелді Жаңбырбай 1/8 айналымға жетіп, Италиядан бір ұпай айырмасымен жеңілді. Жалпы есепте 9-орынға табан тіреді.



БӘРЕКЕЛДІ!

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР
ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Жаңа оқу жылының хабаршысына айналған «Мектепке жол» акциясы биыл да зор дайындықпен басталды. Жақында ғана қалалық әкімдік қатталы, қаржылы азаматтарға үндеу жолдап, осынау игілікті шараға белсене атсалысып, қолдауға шақырған еді. Іле-шала еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпақ өміріне бей-жай қарамайтын азаматтар «Мектепке жол» акциясын бастап та кетті.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Дәстүрлі «Мектепке жол» акциясына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері де белсене қатысып, 15 жыл бойы өткізіп келеді. Биыл да үрдісті үзбей, белсенді топ мүшелері Алатау ауданындағы оқушылардың Инновациялық шығармашылық орталығында бас қосты. Бұл күні әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына демеушілік танытып, көмек қолын созған азаматтар Алатау ауданының 30 оқушысына мектепке қажетті керек-жарақтары бар рюкзактар табыс етті.

– Биыл да мейірімділік акциясы білімді қолдап отыр. Оқушыға ең алдымен оқуға қажетті керек-жарақтардың толық жиынтығы қажет. Сондықтан оларға ыңғайлы, әрі

сәнді рюкзактар табыстап отырмыз. Қай кезден-ақ балалар біздің болашағымыз. Біз үшін олардың жақсы білім алуы маңызды. Күні ертең азамат болып, ат жалын тартып, жетістіктерге жеткен кезде біз мақтанатын боламыз. Қазақстанда талантты балалар өте көп. Осынау балалардың арқасында Қазақстанның өркендейтініне сенімдімін, – дейді Армиян этномәдени орталығының өкілі, белгілі меценант Артуш Карапетьян.

Жалпы, биыл да аталмыш акцияны ұйымдастыруға түрлі мемлекеттік органдар жұмылдырылып отыр. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылар тізімін қалалық Білім басқармасы мен аудандық оқу бөлімдері ұсынады. Әрі қарай, қайырымдылық шарасын үйлестірушілер меценаттармен өзара байланысып, оның жүзеге асуына ұйытқы болады. – Алматы ҚХА ақсақалдар кеңесі Алатау ауданының аз қамтылған отбасыларынан шыққан 30 балаға қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Балаларға арналған рюкзактар мен мектепке қажетті кеңсе тауарларын жинауға этномәдени бірлестіктердің меценаттары белсенді қатысты. Әсіресе, қырғыз, өзбек, ұйғыр орталықтарының төрағаларын атап өткім келеді. Жаңа оқу жылы басталғанда әлі де мұндай акцияларды жиі өткізетін боламыз, – дейді Алматы қалалық «Қоғамдық келісім» КММ мәдениет, тілдер және дәстүрлер бөлімінің басшысы Салтанат Лекерова.

Сондай-ақ, аталмыш шара Наурызбай ауданындағы №176 мектепте өтіп, 70 балаға мектепке қажетті сөмкелер табыс етілді.



200 ГРАНТ БАР

Жақында ғана жоғары оқу орнына түскен грант иегерлерінің тізімі шығып, жоғары балл алған талай талапкерлердің тауы шағылғаны белгілі. Міне, еліміздің байырғы оқу орындарының біріне айналған Еуразия технологиялық университеті оқимын деген талапкерлерге арнап 200 білім беру грантының бар екені туралы хабарлап отыр.

Бұл ретте Еуразия технологиялық университеті оқуда жоғары жетістіктерді көрсеткен талантты талапкерлер үшін 200 білім беру грантын беру бағдарламасының іске қосылғаны туралы қуана хабарлайды. Бұл қуанышты хабарды біз де өз оқырмандарымызға жеткізуге асықпыз. Сонымен, оқу орны Ұлттық бірыңғай тестілеуде (ҰБТ) мына пәндер бойынша кемінде 100 балл жинаған студенттерді қолдауға бағыттап отыр.

- * География және математика.
- * География және ағылшын тілі.
- * Информатика және математика.
- * Дүниежүзілік тарих және құқық негіздері.
- * Сән және дизайн бағытындағы шығармашылық емтихандар.

Міне, осы бағдарлама аясында Еуразия технологиялық университеті үздік студенттерді ынталандыруға және оларға өңірдің жетекші жоғары оқу орындарының бірінде сапалы білім алуға мүмкіндік беруге ұмтылып отыр.

Бұған қоса, университет негізгі ҰБТ-да 70 баллдан жинаған талапкерлер үшін 50%-ға дейін жеңілдіктерін де ұсынып отыр.

ЖӘРМЕҢКЕ

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ
ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

биылғы алты айда 4,6 пайызға кеміген

Алматының «Арбатында» (Жібек жолы даңғылы мен Панфилов көшесінің қиылысы) жалпы қалалық бос орындар жәрмеңкесі өтті.

Айнабай
МӘДИ

«Алматы жастар қаласы екені мәлім. Қаламызда 695 мыңнан аса жас тіркелген. Былайша айтқанда, бұл көрсеткіш қала тұрғындарының үштен бір бөлігі. Алматы қаласы 2025 жылға дейінгі дамуының жол картасына сай, жастарды жұмысқа орналастыру және жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін түсіру жоспарымызда бар. Осы орайда бірнеше кешенді шараларды жүзеге асырудамыз. Оқымайтын, жұмыс істемейтін санаттағы жастарды азайтуды қолға алдық. Билтыр осы санаттағы жастардың көрсеткішін 8,3 пайыздан 6,6 пайызға төмендеттік. Өткен жылы жастар арасындағы жұмыссыздық – 5,6 пайыз болса, биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 4,6 пайызға кеміді. Осыдан-ақ жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің азайғаны байқалады, – деді Жастар саясаты басқармасы жастарды әлеуметтендіру және

жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров.

Бір жас өзіне лайықты мамандықты тапса, жұмыс беруші өзіне қажет бір маманды тапса, аталған шараның мақсатына бір қадам жеткені болар. Бұл шараға ұйытқы болған Жастар саясаты басқармасының алға қойған міндеті де, діттегені де осымен үндес келеді. Аталған басқарманың жанындағы Мансап орталығы жастарды жұмыспен орналастырумен қатар, қысқа мерзімді курстарға да оқытады. Орталықтың ұйымдастыруымен аса салмақ салмай, ыңғайлы да жеңіл өтетін осындай курстардың біразы әзір тұр. Курстар онлайн және офлайн түрде өткізіледі. Курстан ойдағыдай өткендерге арнайы сертификат табысталады.

«Қаржы, медицина, байланысы мамандығы бар қыздарға жұмыс ұсынамыз. 29 жастағы қордағы (запастағы) офицерлерге қызмет бар. Біздегі қызмет 25 жыл. Соның жарты мерзімінде азаматтық жұмысы өтілі барлар 12,5 жыл қызмет атқарады. 32 жасқа дейінгі азаматтарды келісім-шарт қызметіне қабылдаймыз. Әскерде лауазымдық жалақыдан басқа, отбасының әрбір мүшесіне есептеліп, Алматы қаласы бойынша 96 мың, Талдықорғанда 46 мың теңгеден қосымша пәтерақы қаржысы қоса беріледі. Медициналық сақтандыру тегін», – дейді бос орындар жәрмеңкесіне қатысушы ҚР Шекара қызметі Жетісу облыстық департаментінің кадр қызметінің технигі, аға сержант Бағдат Тәнекенев.

ШӘКІРТАҚЫ

Жақында «Жол картасын» іске асыру үшін Үкімет қаулысының жобасы әзірленген еді. Аталмыш құжатқа сәйкес, 2024 жылдың қыркүйегінен бастап студенттердің шәкіртақылары көбейетін болды.

«ЖОЛ КАРТАСЫ»
ЖҮЗЕГЕ АСЫП
ЖАТЫР

Мәселен, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, даярлаудың педагогикалық бағыттары және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқитын студенттерді қоспағанда, 41 898 теңгеден 47 135 теңгеге дейін ұлғайып отыр. Сонымен қатар, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында даярлаудың педагогикалық бағыттары бойынша оқитын студенттер 67 200-ден 75 600 теңгеге дейін шәкіртақы алатын болады.

Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты

бойынша оқитын студенттерге – 67 200-ден 75 600 теңгеге дейін;

Интерндерге – 75 890 теңгеден 85 376 теңгеге дейін;

Магистранттарға – 97 024 теңгеден 107 061 теңгеге дейін;

Докторанттарға – 217 500 теңгеден 240 000 теңгеге дейін;

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша оқитын докторанттардың шәкіртақысы – 217 500 теңгеден 240 000 теңгеге дейін;

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттарға – 111 579 теңгеден 123 122 теңгеге дейін көтерілді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



СӘТТІ ОТА

БІЛІКТІЛІК
СЫНҒА ТҮСКЕН
ШАҚЖүруі де, отыруы да мұң
болған әйел аяққа тұрды

Алматының №7 қалалық
клиникалық ауруханасында
нейрохирург-дәрігерлер
жүрмек тұрмақ, отыра да
алмайтын 37 жастағы әйелге
сәтті ота жасады.

Бір жылдан астам уақыт бұрын әйел жол-көлік апатына ұшырап, оң аяғы көлік орындықтарының ортасына қысылып қалады. Аяғы қысылған күйде екі-үш сағат отырған. Аяғын шығарып алғаннан кейін тақым шұңқырының, санның және жіліншік сирақтың тұсында үлкен сыдырылған жара пайда болады. Аяғы ұйып, аяғы мен балтырын қимылдата алмай қалады. Сөйтіп, ол жүре де, отыра да алмады. Пациенттің айтуынша, бұған дейін алған емі тиісті нәтиже бермеген, жарақат аумағында үлкен керілген тыртқы пайда болған. Аяғы ұйып, үнемі тоңып тұратын халге жеткен. Әйел дертіне ем іздеп «жетіншіге» келеді.

Отаны тәжірибелі нейрохирург Әлімхан Халимов жасады. Дәрігердің айтуынша, тексеріп-қарау кезінде науқаста жіліншік пен аяқтың бұлшық еттерінің салдаңа бастағаны байқалған, аяқтың импульсы мүлдем сезілмеген. Дәрігерлер мұны «ұзақ қысылу синдромы» деп атайды. Мамандар аяқ-қолдың қызметін қалпына келтіру үшін микрохирургиялық операция жасауды шешті. Нейрохирургтер тамырлы-нейрохирург Александр Смолкинмен және анестезиолог-реаниматолог Ақбота Бейбітовамен бірлесе, бұл өте күрделі отаны кәсіби тұрғыда өте жоғары деңгейде сәтті жасап шығады.

«Мұндай ұзақ қысылып қалғаннан кейін теріде үлкен сыдырылған жара пайда болатын жағдайлар жиі кездеседі. Кейде күткенімздей барлық функцияны толық қалпына келтіру мүмкін болмай жатады. Біз керілген тыртыққа резекция жасадық. Бұл – отаның ең қиыны, аяқ-қолдың нервтері мен қан тамырларын микрохирургиялық қалпына келтіру, біз соған қол жеткіздік», – деді Әлімхан Халимов.

Енді науқастың толық оңалып кетуі үшін бір жылға жуық уақыт керек. Бірақ дәрігерлер оның толыққанды өмірге оралатынына сенімді. Айтпақшы, дәрігерлер бұл отаны МӘМС қаражаты есебінен жасағанын айтты, өйткені әйел 2-топтағы мүгедек ретінде сақтандырылған.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Туа біткен омыртқа
аномалиялары бар
қазақстандық балалар Алматы
қаласындағы №2 қалалық
балалар клиникалық
ауруханасында жасалған бірегей
операциялар арқылы
толыққанды өмір сүру
мүмкіндігіне ие болды. «Spina
Bifida – интраоперациялық
нейромониторингті қолдану
арқылы емдеудің заманауи
әдістері» тақырыбындағы
нейрохирургия бойынша
мастер-класс аясында
аурухананың нейрохирургтар
тобы неміс профессоры Ульрих
Вильгельм Томалемен бірлесіп,
жеті кішкентай науқасқа
операция жасады.

Бұл балалардың әрқайсысы жұлынның ауыр туа біткен ақауларынан, соның ішінде Spina Bifida-ның ең ауыр түрі болып саналатын миеломенингоцеле ауруынан зардап шекті. Бұл жағдайда жұлын және нервтер омыртқадағы ақау арқылы шығып, механикалық және химиялық зақымдануларға әкеледі. Осындай пациенттердің бірі Қызылорда облысынан келген кішкентай Аиша болды. Анасы Жайна оны үлкен үмітімен Алматыға алып келді. Бірнеше жыл бұрын Аишада жұлын жарығы анықталып, уақыт өте келе бұл ауру баланы сал қылды. Ол өздігінен жүріп-тұра алмайтын және қалыпты өмір сүре алмайтын халге жеткен.

Осы бірегей операциялар жүргізілген мастер-класты «Samruk-Kazyna Trust»

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚАНДЫ НЕГЕ
ТӨРТІНШІ
САУСАҚТАН АЛАДЫ?

Анализ тапсыруға барғанда
медбикелер қанды қолымыздағы төртінші
саусақтан ғана алатынын білеміз.
Неліктен қанды басқа саусақтардан, яғни
бас бармақтан, сұқ саусақтан, ортаңғы
саусақтан немесе соңғы – шынашақтан емес, «аты жоқ саусақтан» алады?

Біріншіден, бұл саусақ адам организміндегі өзгерістерді бірінші сезетін сезімтал саусақ. Тіпті, біздің бабаларымыз ілім-білімсіз-ақ осы ерекшелікті біліп, адам бойындағы сырқатты анықтау үшін осы саусақтың тырнағын басып көріп, тексеретін болған. Сырқаттың сырын осыдан аңғарған.

Екіншіден, төртінші саусақ басқалармен салыстырғанда аз қозғалатындықтан ондағы тері жұқалау келеді. Сондықтан оны жеңіл әрі ауыртпай тесуге болады. Әрі тесілген орын жылдам жазылып кетеді. Бұл да түрлі жұқпаларды жұқтырып алу қаупін азайтады.

Иә, тесілген жерге түрлі инфекциялар түсіп кетуі мүмкін. Мәселен, бас бармақ пен шынашақ қолдың білегімен тікелей байланысты. Егер инфекция түсіп кетер болса, ол бүкіл қолға бірден таралады. Ал аты жоқ саусақ оқшауланған.

АНА ҮМІТІ АҚТАЛДЫ

Мегаполисте туа біткен омыртқа аномалиялары бар
балаларға бірегей оталар жасалды

әлеуметтік жобаларды дамыту
қорының қолдауымен «Дом»
қоғамдық қоры ұйымдастырды.

«Профессор Ульрих Томалемен
бірлесе отырып, біз Spina Bifida туа
біткен аномалиялары бар балаларға
бірқатар күрделі операциялар
жүргіздік. Бұл операциялар жоғары
дәлдікті ғана емес, сонымен қатар
үйлесімді командалық жұмысты
қажет етті. Егер уақытында
араласпаса, неврологиялық
жетіспеушілік тек күшейе
береді», – деп атап өтті Алматы
қаласындағы №2 қалалық балалар
клиникалық ауруханасының
директоры Марат Рабандияров.

Мастер-классқа Алматыдан ғана
емес, еліміздің басқа қалаларынан,
сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстан-
нан келген қатысушылар да жиналды.
Дәрігерлер күрделі ауруларды
емдеудің заманауи әдістерін
талқылап, тәжірибелерімен бөлісіп,
біліктіліктерін арттырды. Бұл, сөзсіз,
аймақтағы медициналық көмектің
сапасын одан әрі жақсартуға әсер
етеді.

Өзінің тәжірибесі мен білімімен бөліскен
профессор Ульрих Вильгельм Томале
қазақстандық әріптестеріне көп жылдық
ынтымақтастық үшін шын жүректен
алғысын білдіріп, кішкентай науқастарға
тезірек сауығып кетуді тіледі.



Бес күндік мастер-класс барысында
нейрохирургтер тек операция жасап қана
қоймай, науқастарға кеңес те берді. Бұл шара
Қазақстандағы туа біткен омыртқа аномалия-
лары бар балаларға медициналық көмек
көрсетуді дамытудағы маңызды қадам
болды.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

БАЛАНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ
ПАСПОРТЫэлектрондық форматқа
көшіріледі

ҚР Денсаулық сақтау
министрлігі медициналық
қызметтерді цифрландыру
бойынша жұмыстың
шеңберінде баланың
денсаулық паспортын
электрондық форматқа көшіру
жобасын әзірледі. Ата-аналар
бұл құжатты бірінші сыныпқа
түскен кезде міндетті түрде
мектепке ұсынады.

Баланың денсаулық паспорты ден-
саулықты нығайтуға, аурулардың алдын
алуға және кішкентай пациенттерді емдеуге
бағытталған профилактикалық іс-шаралар
туралы ақпаратты қамтитын негізгі құжат
болып табылады. Бұл құжатты қағаз жүзінде
жүргізу көбінесе оның жоғалуына немесе
өзекті деректерді жоғалтып алуға, емхана-
ларда ұзақ күтуге әкелді. Осы проблемаларға
жауап ретінде Денсаулық сақтау министрлігі
Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, баланың
денсаулық паспортын электрондық форматқа
ауыстыруға кірісті.

Денсаулық сақтау министрлігінің
ақпараттық жүйелерін тестілеу кезінде
баланың 72 электрондық денсаулық паспорты
(052-2/е нысаны) қалыптастырылды. EGov
Mobile-мен электрондық паспортты инте-
грациялау процесінің аяқталуының жоспар-
ланған уақыты – биылғы тамыз. Ата-аналар
үшін электрондық паспортты енгізу қағаз-
бастылықты азайтуды және eGov Mobile
және eDensaulық электрондық қызметтері
арқылы балаларының денсаулығы туралы
ақпаратқа ыңғайлы қол жеткізуді білдіреді.
Білім беру мекемелері оқушылардың
денсаулық жағдайы туралы өзекті деректерді
жедел ала алады, олар емханаларда меди-
циналық қарап-тексеруден кейін автоматты
түрде берілетін болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.


МӘМС

ТІСІҢІЗ АУЫРМАСЫН

Алматыда кім тегін стоматологиялық көмек ала алады?

№11 қалалық емхананың
стоматологиялық бөлімінің
меңгерушісі Гүлнар
Тұрысбекова мегаполис
емханаларында міндетті
медициналық сақтандыру
аясында қалай тегін
стоматологиялық көмек
алуға болатынын айтып
берді.

«Емханада 18 жасқа дейінгі балаларға,
жүкті әйелдерге, Ұлы Отан соғысының
ардагерлеріне, 1, 2, 3-топ мүгедектеріне,
«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен
марапатталған көпбалалы аналар, атаулы
әлеуметтік көмек алушылар, кәрі зейнет-
керлер, жұқпалы, әлеуметтік маңызы бар
және айналадағыларға қауіп төндіретін
аурулары бар науқастар, бала күтіміндегі
жұмыссыздар, мүгедек бала, бала кезінен



бірінші топтағы мүгедекті бағып отырған
жұмыссыздарға тегін медициналық көмек
көрсетіледі», – дейді ол.

Емханада кариес пен оның асқынуын,
сондай-ақ хирургиялық стоматологиялық
араласуды қамтамасыз етеді. Мысалы,

операция жергілікті анес-
тезиямен жасалады. Яғни
тілдің френулуының
пластикалық хирургиясы,
френулуының бекітілу
аномалиясы, жоғарғы
және төменгі ерін, тіс
жұлу, жақ-бет аймағының
жедел, іріңді қабыну
ауруларын ашуды
емдейді.

«Осы іс-шаралардың
барлығын жүзеге асыру
үшін бізде 15-ке жуық
маман және барлық
қажетті қымбат құрал-
жабдықтардан тұра-
тын тұтас стомато-
логиялық бөлім бар.
Маманға бару үшін

емхананың қабылдау бөліміне барып немесе
қоңырау шалып, жазылу керек», – деді
дәрігер.

Еске сала кетейік, мегаполис емхана-
ларында МӘМС аясындағы медициналық
қызметтер бүкіл халыққа көрсетіледі.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

АЛАМАН ЖАРЫС

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ДАМУТУДЫҢ, ЕЛІМІЗДІ ТАНЫТУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ



Биыл – ұлттық спорт үшін өте маңызды әрі жауапты жыл. Күзде Астанада өтетін дода жарты әлемді тұлпарлар дүбіріне бөлемек. Көшпенділер ойыны елімізде өтеді

дегелі бірнеше мәселенің шеті көрінді. Мысалы, ойыннан кейін ұлттық спорт түрлерін ғылыми жүйеге келтіру – өзекті мәселелердің бірі болатыны анық. Осы орайда ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, педагогика ғылымының докторы, ұлттық спорт пен ойын түрлерін зерттеуші-ғалым Елемес АЛИМХАНОВПЕН әңгіме өрбіткен едік.

Білікті кадрлар даярлау – басым бағыт

– Елемес аға, саладағы басым бағыттардың бірі – ұлттық спортқа білікті кадрлар даярлау. Өзіңіз біраз жыл Спорт және туризм академиясының оқу және тәрбие жұмыстарын басқардыңыз. Қазақстандағы ұлттық спорт мамандарын даярлайтын жалғыз оқу орны – Қазақ спорт және туризм академиясы еді. Қазіргі кезде төл спортымызға маман дайындау туралы не айтасыз?

– Халықаралық дәрежеде үлкен маңызы бар V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының Қазақстанда өтуі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен іске асты. Бұл шараны елімізде өткізу арқылы халықтар арасындағы дәстүрлі ұлттық ойындар мен спортты жүйелі дамытуда ықпалы болатынын атап өтіп, мемлекеттік концепция жасауды тапсырды. Бұл Президентіміздің ұлттық тәрбие мен дәстүрдің маңызын мемлекеттік тұрғыда ұғынуы деп санаймын. Өмірде халықтың сұранысынан артық бағалы не бар дейсің, бұл үлкен маңызды жұмыс қой.

Ұлттық спорт бойынша арнайы маман даярлайтын кафедра Қазақ спорт және туризм академиясында 2010 жылы ашылды. Ол кафедрада қазақ күресі, садақ ату, тоғызқұмалақ, бүркітшіліктен мамандар даярланды. Құсбегілік, ат спорты, тоғызқұмалақ пен садақ ату бойынша сол кезде дайындалған кадрлардан басқа қазір арнайы дипломы бар, осы салада жұмыс істеп жүрген ешкім жоқ шығар.

Жауапты тым әріден бастасам, XX ғасырдың ортасында Кеңес Одағы кезінде ұлттық ойындар мен спорт түрлерін мектеп бағдарламасынан алып тастады. Бұл жағдай балалардың танымдық дүниесіне кері әсер етті. Сол кезде Алматыдағы дене тәрбиесі институтында ұлттық спорт түрлерінен тек қазақ күресін оқытты. Қазақстан егеменді ел болғаннан кейін ғана ұлттық ойындар мен спорт бойынша ғылыми ізденістер көбейіп, қоғамның сұранысымен ұлттық спортты жандандыру бағыты жақсарды. Қазіргі уақытта ұлттық ойындар түрлерінен білім беретін дене шынықтыру мұғалімдерін дайындайтын оқу орындары бар екенін айта кету керек. Бұл жерден ұлттық спорт бойынша біраз нәрсе үйреніп шығады. Бірақ ауқымы тар. Себебі, оқу бағдарламасының құрылымы жеке маман дайындауға жарамайды. Дүниежүзілік көшпенділер ойынының әсері болар, мүмкін халықтың сұранысынан шығар, Қазақ спорт және туризм академиясында осыдан бір жыл бұрын ұлттық спорт мамандығы қайта ашылды. Бұл құптарлық шешім деп санаймын.

Қазіргі статистика бойынша, еліміздегі 41 оқу орны дене тәрбиесі мұғалімін дайындайды, оның 16-сында ұлттық спорт оқытылады. Жастардың ұлттық ойындар мен спорт бойынша білім алуына мүмкіндік молайып келеді. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары кезінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Онда мамандар даярлау мәселесін де көтеретін боламыз. Ұлттық спорт түрлерінен спортшы даярлауды да жетілдіру қажет деп санаймын. Мысалы, қазір спорт мектептерінде бала бірнеше жыл бір ғана ұлттық спорт түрімен шұғылданады. Меніңше, алғашқы жаттығу жылдарында (3–5 жыл аралығы) кем дегенде 2-3 спортты меңгеруіне мүмкіндік беру керек. Себебі, сол арқылы бала жан-жақты білім алады және жалықпайды. Содан кейін ғана кәсіптік түрін тандауына ерік берілуі керек.

«Маманды оқытуға қажетті оқулықтар мен оқу құралдары қандай дәрежеде?» деген сұраққа келгенде тағы да еріксіз төмен қарауға мәжбүрміз. Өйткені, ұлттық ойындарға арналған оқулықтар жоқ, бірен-саран ғана оқу құралдары бар. Міне, маман даярлаудағы мәселелер осындай.

Бүкіләлемдік этносport конфедерациясының президенті Біләл Ердоған жылда диссертация тақырыбын ұлттық спортқа арнаған докторантура студенттеріне ай сайын қосымша



- Ғылымға сүйенбесек, ұлттық спортты дамытамыз деу бекер...
- Ұлттық спортқа арналған жеке заң қажет.
- Тарихи құндылықтарымызды сақтайтын, жетілдіретін, зерттейтін уақыт келді.
- Этноспорт жарыстарына халықаралық ортақ ереже керек.

300 евро стипендия тағайындайды. Биыл Қырғызстаннан үш, Ресейден үш студент стипендия игері атанды. Оны біліп отырғаным, мен конфедерацияның диссертациялық жұмыстар жөніндегі комиссияның мүшесімін. Ал өзімізден ұлттық спорт тақырыбын таңдап, диссертация жазатын бірде-бір студент табылмады ғой. Мемлекеттің беретін стипендиясы өз алдына, конфедерация ұлттық спорт тақырыбын таңдағаны үшін ғана тағайындап отырған мүмкіндікті пайдалана алмай отырмыз. Ғылымға сүйенбесек, ұлттық спортты дамытамыз деу бекер.

Ұлттық спорт туралы заң жобасы әзірлене ме?

– Алматыда ат спорты мен ұлттық спорт түрлерінен мамандар даярлау мәселелері талқыланған «Дөңгелек үстел» өтті. Сол жиында өзіңіз де болдыңыз, елімізде ұлттық спорт туралы заң жобасы әзірленетіні айтылды. Содан кейін сен қозғалғандай болып көрінді. Бірақ...

– Иә, сол жұмыстардың жүзеге асуында ол сең бе, қатып қалған мұз ба, жоқ әлде кешіп өтуге қиын өзен бе, беймәлім болып тұр. Тіпті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ұлттық ойындар мен спортты дамытудың мемлекеттік концепциясын жасауды тапсырды ғой. Ол бағытта да не істеліп жатқанынан әзірге хабарымыз жоқ. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының елімізде өтуі ұлттық спорттағы мәселелерге қозғау салар деген үмітіміз үлкен. Әуелі, ұлттық спортқа арналған жеке заң керек.

Бізге «ұлттық, дәстүр, тәрбие жолы» деген ұғымдарға басқаша көзқараспен қарап, тарихи қалыптасқан және өмір тәжірибесінен өткен пайдалы құндылықтарымызды сақтайтын, жетілдіретін, зерттейтін уақыт келді деп санаймын.

Қазір көшпенділер ойындарын насихаттау жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Оның өзі білмейтін адамға ой салып, жастар жағы қызығатын шығар. Халықтар неғұрлым жақсы жағынан, ғылым мен мәдениет, спорт саласында араласса, бір-бірін жақынырақ тани алады. Ұлтаралық қатынасы реттейді. Қазақта «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген сөз бар. Аламан жарыстың біздің елде өтуі төл спортымызды дамытудың, елімізді танытудың бірден-бір жолы.

Биылғы көшпенділер ойыны қай ереже бойынша өтеді?

– Жылдың басында Анталья қаласында өткен (Түркия) Бүкіләлемдік этносport конфедерациясы ұйымдастырған VI Этноспорт форумында айтқан этносportты халықаралық жүйеге келтіру туралы ұсынысыңыз көптің

қолдауын тапты. Биылғы көшпенділер ойыны қай ереже бойынша өтеді?

– Түркиядағы үлкен жиынға 60-тан астам елдің өкілдері қатысты. Қазақстандық делегацияның қатарында көшпенділер ойынын ұйымдастырушылар да болды. Этноспорт жарыстарындағы ортақ ереже мәселесін көтеріп, баяндама жасадым. Халықаралық этносport Ережесі дайындалса, жарыстар сапалы өтетін еді. Көрерменге түсінікті, эстетикалық және тәрбиелік тұрғыда әсерлі, спортшы даярлауда, заңдарды жетілдірудің, ғылыми ортақ түсінікті қалыптастыруда пайдалы болатынын жеткізуге тырыстым. Командалар арасындағы талас, ұйымдастырушылармен түсініспеушілік, т.б. мәселелер ортақ ереженің жоқтығынан болады. Форумға қатысқан 200-ден астам делегация өкілдері бұл мәселенің өзекті екендігін қолдап, ұсынысты форумның арнайы қорытынды шешіміне енгізді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы ереже туралы менде мәлімет жоқ. Париждегі жазғы олимпиада барлық ел мойындаған ортақ ереже бойынша өтті ғой. Ұлттық спортта да халықаралық жарыс Ережесі болуы керек деп ойлаймын.

Абай атамыз 26-шы қара сөзінде былай дейді: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар!...». Қазіргі уақытта ұлттық спорт жарыстарынан, бәйгеден, көкпардан, күрестен, т.б. ақша, көлік ұтқандарын мақтаныш көретіндер көп, сол үшін ғана жұмыс істеп жүргендер де бар. Ал осы жарыстарды өткізетіндер қалың халықтың сұранысымен, көзқарасымен санасып жатқан жоқ.

Қазақ ойындарының күдіретті қасиеті бар

– Монографиялық кітабыңызда қазақтың 327 ұлттық ойыны туралы дерек берген екенсіз. Бүгінде спорт пен ойын ұғымдарының аражігін ажырата алмай жүрген секілдіміз. Жалпы, ұлттық «спорт – ойын» ұғымдары арасындағы айырмашылықтар қандай?

– Халқымызда одан да көп ұлттық ойын бар. Шамамен 1000-ға жуық ұлттық ойын түрлері барын білеміз. Одан да көп болуы мүмкін. Ұмытылғаны, тыйым салынып, жоғалып кеткені қанша?! Белгісіз. Көбінің аты бар, мазмұны жоқ. Менің алдымдағы зерттеушілер мен халық арасынан естігендерімді қосқанда, нақты 327 ұлттық ойынның ғылыми негізі бар. Ғылымға енгізу үшін ойындардың педагогикалық әсерін көрсетіп, теориялық дамуын дәлелдеуім керек. Барлық ойынды көрсете алмауымның себебі осы. Әр халықтың ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан адамға әсер ететін ерекше қасиеттері болады.

Қазақ халқы ертеден адамның жетілуінде, тәрбиеленуінде ойынның үлкен орны барын білген. Нақыл сөздерінде де көптеп кездеседі: «Бала ойынмен өседі», «Ойын – бала еңбегінің көрінісі» деп келеді. Ұлттық ойындар халықтың тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасады. Этностың өмір сүру ортасы, тұрған жері мен табиғаты, салт-дәстүрінің де әсері болады. Ал ұлттық спорт ұлттық ойындар түрлерінің жетіліп, кәсіптік бағыт алуынан пайда болады. Ұлттық спорт түрі деп танылуы үшін оның жазылған, бекітілген ережесі болуы шарт.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 4 айға – 2144,48 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 4 айға – 2944,48 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 4 айға – 1344,48 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖАРНАМА

Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотына Алматы қаласы, Шағабутдинов көшесі, 125 А үй, 35-пәтер мекенжайында тұратын Сәкенұлы Дамирден 1931 жылы туған Қадырбеков Сәкен Ғаибитұлының қайтыс болғанын тану туралы өтініш түсті. Сәкен Ғаибитұлы Қадырбековтің тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарды Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотына инд.050005, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267 мекенжайы бойынша, судья Д.С.Сарыбаевқа хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарлауды сұраймыз.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының судьясы М.С.Ибрагимов өндірісінде Тлепова Нағима Амреевнаның (тұрғын үй мекенжайы: Алматы қ., Нұрлы жол к-сі, 189/1, 32 п.) арызы бойынша №7514-24-00-2/15308 азаматтық іс, Алматы қ. 31.07.1972 ж.т. Сермағамбетов Мухтар Абдуловичті және Алматы қ. 22.01.1974 ж.т. Абдул Жанат Абдулқызын қайтыс болғандығын тануы туралы азаматтық іс қарастырылуда. Соңғы жұмыс орындары белгісіз. Сермағамбетов Мухтар Абдулович және Абдул Жанат Абдулқызы жайлы белгілі ақпараттың болса, хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде 050043/А15Д5Е4, Алматы қ., «Орбита-2» ықшамауданы, 20 А, ұялы тел.: +7 707 899 94 16 бойынша хабарлауыңызды сұраймыз.

Алмалы ауданының «Теп Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, қазақ және ағылшын тілдері, сондай-ақ қашықтықтан оқыту мамандықтары бойынша курстар өткізуде.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А.

Телефон +7 (727) 378-88-04.

Әлеуметтік желілер: [tenqogam.almaly.2024](https://t.me/tenqogam.almaly.2024) (Telegram, Instagram, Facebook).

Алматы қаласы №2 Өуезов аудандық сотының анықтамасы бойынша, судья Мадихожаева Т.Ж., Рахим Есенали Мұратұлы 13 тамыз 1987 жылы туған, мекенжайы Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Ақсай-3 Б, 32-үй, 67-пәтер, мәлімдемесі бойынша, азамат Чурин Серік Нурболатұлы 29 маусым 1966 жылы туған, жұмыссыз, туған жері Алматы қаласы, хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалды №7540-24-00-2/4412.

Чурин Серік Нурболатұлының тұратын жері туралы мәліметтері бар адамдар болған жағдайда (Алматы қаласы, Қуанышбаев к-сі, 44 А, Алматы қаласы №2 Өуезов аудандық соты) хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде сотқа хабарлама берулеріңізді сұраймыз.

ЖАС ТҮЛЕК – 2024

КӘСІПТІК БІЛІМДІ ТАҢДАУШЫЛАР КӨП

Соңғы жылдары техникалық және кәсіптік білім саласын таңдайтын жастар қатары артып, дәл қазір аталмыш білім беру ұйымдарына құжат қабылдау жалғасып жатыр. Колледждерге құжаттар қабылдау 25 тамызға дейін жалғасады. Әрі биыл құжат тапсыру жағы да оңтайландырылған. Енді абитуриенттерге колледжге түсу үшін құжаттарын eGov.kz порталы арқылы тапсыруына болады.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім беру қызметінің тағы бір түрі eGov.kz порталына шығарылғанын хабарлап отыр. Бұл ретте құжат тапсыру кезінде порталды қолданушы оқу тілін және өлеңді таңдай алады. Осылайша порталда автоматты түрде абитуриенттің білімі, бағалары және оның сертификатының жалпы бағасы туралы ақпарат шығарылады. Азаматтардың жеңілдігі бар жекелеген санаттары үшін (І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар, жетім балалар, ата-анасының қарауынан қалған балалар, т.б.) жүйе оның мәртебесі туралы қосымша ақпараттар көрсетеді. Сонымен қатар, өтінімнің мәртебесін бақылап отыру және қажет болған жағдайда оны кері қайтарып алу жағы да қарастырылған. Мәселен, абитуриент 4 колледжде 4 түрлі мамандықты таңдай отырып, бір ғана өтінім бере алады. Бұл үшін абитуриент eGov.kz порталына кіріп, «Білім» бөліміндегі «Колледждер» санатын таңдауы тиіс.

Мұндағы көрсетілген барлық кестені толтырып, файлды жүктейді. Сосын ЭЦҚ арқылы қол қояды. Бүгінгі таңда 96 мыңнан астам өтінім қабылданса, жаңа оқу жылында тегін техникалық және кәсіби білім берумен 145 мың студентті қамту жоспарланып отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4:

№	Медициналық ұйымдар атауы	Занды мекенжайы/ Орналасқан жері
р/с		
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№23 қалалық емхана» КМК	050058 Алатау ауданы, «Ұлжан-1» шағынауданы, Қыдырғали Жалайыр көшесі, 34

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымыдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, тел.: 8 701 493 01 77.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 13 тамыз.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2024 жылғы 13 қыркүйек.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 2 қазан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынықырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 446 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 5 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 2 қазан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Өуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынықырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 811 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Өуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 5 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және

тарату бөлімі. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 707 862 30 08,

8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,

сейсенбі және жұма күндері

шығарылады.

Нөмірдің таралымы –

8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат

министрлігінің Ақпарат комитеті"

республикалық мемлекеттік

мекемесінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№ KZ17VPY00085956

күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер

орталығында терініп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да

басылды. 050026, Алматы қаласы,

Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»

әуе компаниясының бизнес-класс

бортында және «Жолаушылар

тасымалы» АҚ пойыздарындағы

жолаушыларға қолжетімді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«УАҚЫТ КЕРУЕНІ»

Чех жерінде біздің Алматы тарихы музейінің көрмесі ашылды. Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Республикасының Чех республикасындағы Елшілігі, Прага қаласының мэриясы мен Прага қаласы музейінің қолдауымен жүзеге асқан халықаралық көрме «Уақыт керуені» деп аталады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Көрменің ашылу салтанатында Прага қаласы музейінің басшысы Иво Мацек, Қазақстанның Чех республикасындағы елшісі Бақыт Дүйсенбаев, Алматы қаласы мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Әсия Ақанова, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Салтанат Серікова және Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова сөз сөйледі. Сонымен қатар, мәдени іс-шараға Жапония, Корея, Катар, Ресей, Түркия, Малайзия корольдігі және басқа 20-дан астам мемлекеттің елшілері қатысты.

Бытыр екі музей арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылған болатын. Бұл көрме соның жемісі, ынтымақтастықтың нақты көрінісі. Ынтымақ демекші, Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1993 жылы 1 қаңтарда құрылды. Жыл өткен сайын екі ел арасындағы мәдени байланыс осылайша нығайып келеді.

Көрменің мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы

Прагада Алматы тарихы музейінің көрмесі ашылды



мәдени байланыстарды одан әрі нығайту, сондай-ақ Ұлы дала халқының тарихы және мәдениетімен, жалпы көшпенділер мәдениетімен, атап айтқанда, көшпелі қазақтардың дәстүрлерімен, тұрмысымен, философиясымен және дүниетанымымен таныстыру.

Алматы қаласы тарихы музейінің «Уақыт керуені» көрмесі келушілерді Ұлы даланы мекендеген халықтың терең тарихы мен мәдениетімен таныстырып, екі ел арасындағы мәдени диалогты жалғастырады десек, қателеспейміз.

Прага төріне Алматы қаласы музейлер бірлестігі қорынан 220-дан астам экспонат қойылды. Көрме қазақ халқының тұрмысын,

салт-дәстүрін, қолданбалы өнерін баяндайтын этнографиялық жәдігерлер, музыкалық аспаптар мен Алматы қаласының тарихы мен қазіргі өмірін көрсететін фотосуреттерге негізделген. Осы орайда айта кетейік, біздің жәдігерлер қойылған Прага музейі орналасқан ғимарат XIII-XIV ғасырларда бой көтерген, ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» тізіміне енген.

– Бүгінде Алматы қаласы музейлер бірлестігі еліміздің қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысып келеді. Оның үлесінде 2022–2024 жылдары ерекше дамыған халықаралық ынтымақтастықтың кең бағдарламасы бар. Мәселен, бұған дейін Сеул (Корея Республикасы), Стамбул

(Түркия), Неаполь (Италия) және Вена (Австрия) қалаларында үлкен жетістікпен өткізілген халықаралық көрмелерді атауға болады. Ал Прагадағы «Уақыт керуені» осы халықаралық көрмелердің заңды жалғасы, – дейді Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова.

Айтулы мәдени іс-шара барысында Алматы қаласы музейлер бірлестігі Түркі әлемінің «Ең үздік музейі» атанды. Сертификатты ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев табыстады.

Еуропалықтардың назарына ұсынылған көрме тамыздың соңына дейін жалғасады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ЖҮРЕГІ КЕҢ ӘЖЕЙ

Марина екеуміз бір палатада жаттық. Ол он сегізге еді. Екеуміз бір уақытта босандық. Мен де қыз тудым, екінші перзентім. Босаңғанымызға екінші күн.

– Света, Анюткама қарай тұрыңызшы, маған төменде әжем келіп тұр еді, – деді Марина.

– Жарайды, – дедім мен күлімсіреп. Ол әжесіне асыға жүтіріп кетті. Жас ананың жанары бақыттан жарқырап тұрды. Ол жаңа туған қызын шөпідетіп сүйе беретін, «күнім» деп мейірлене кететін. Маринаға жігіті телефон соққанға дейін осылай болған.

– Марина, мен саған ұзақ уақыт айта алмадым..., сенің аяғың ауыр болғандықтан ештеңе айтқым келмеді, сені ренжітіп алудан қорықтым... Енді мен шештім..., – деді телефонның арғы жағындағы дауыс.

– Егор, не болды? – деп сұрады Марина дауысына қорқыныш сезімі араласып.

– Біз ажырасуымыз керек. Осыдан үш ай бұрын мен басқа адамды жақсы көріп қалдым...

– Егор! Бұл қалай, не деп тұрсың? Біздің қызымыз бар ғой, ал үйлену тойымыз ше? Жақында бізде отбасы болады деп уәде беріп едің ғой? – деп қыз ебіл-себілі шығып жылап кетті.

– Мен сенің көңіліңді түсіргім келмеді еді...

Телефон қоңырауы үзілді. Онымен бірге Маринаның бақыты да үзілді. Қыз жарты күн бойы төбеге қарап жатты да қойды. Сәбііне әрең бұрылды. Біраз уақыттан кейін анасына қоңырау шалып, келуін өтінді. Бір сағаттан кейін Марина анасымен жүздесуге төменге түсіп кетті. Ал қырық минуттан кейін ол палатаға қайтып келіп, менеджерді шақыруды талап етті.

– Наталья Сергеевна, мен қызымнан бас тартамын! – деді Марина қатқыл үнмен. – Менің Анютканы бағатын жерім жоқ! Солай. Жігітім бізден бас тартты. Бізде анам, өгей әкем және мен тұратын бір бөлмелі пәтер бар. Ал онда балаға орын жоқ.

– Марина, сен өмір бойы осы ісіңе өкінесің. Бұл ойыншық емес, – деген Наталья Сергеевна жас босаңған ананы қалайда райынан қайтаруға тырысып бақты.

– Мен бәрін шештім. Мен жалғыздікті ана болмаймын! Менің өмірім енді басталды! Баланы мына жерден тезірек



алып кетіңіз және өз еркіммен бас тартқаным туралы қол қойып беремін, тезірек әкеліңіз қағазыңызды! – деді Марина қатқылдау үнмен.

Наталья Сергеевнамен бірге басқа дәрігерлер де қызбен бірнеше рет сөйлесуге тырысты. Бірақ қыз алған бетінен қайтпады. Маринаның анасы да немересіне тар пәтерде орын жоқ екенін, баға алмайтындарын айтты.

Марина перзентханадан шығып кеткен күні ертесіне әжесі келіп, оған шөбересін беруді талап етті.

– Варвара Семеновна, өкінішке қарай, заң бойынша біз сізге баланы бере алмаймыз. Сіздің жасыңыз бала бағуға келмейді, – деп түсіндірді дәрігерлер.

Иә, Варвара Семеновна кішкентай Анюткаға немқұрайлы қарамайтын жалғыз мейірімді адам болып шықты. Ол қызы мен немересіне неше күн бойына жүгірді, жалынды, кішкентай қорғансыз шөбересін мұнда қалдырмауды өтініп кемсеңдеп жылай берді. Бірақ өз қызы да, немересі Марина да көнбеді, иілмеді.

– Мама, сен қаншада екенінді білесің бе өзі? Бір аяғың жерде, бір аяғың көрде тұр, ал біз қалай бағамыз? Тамағымызды әрең тауып отырғанда! – деп ширықты қызы.

– Мен сендерге кішкентай бөлмемді берейін, соны сатып, пәтерлеріңді кеңейтіп алыңдар, – деді Варвара Семеновна жыламсырап.

– Ал сонда өзін қайда тұрасың? – деді Марина анасымен бірге жарыса.

– Маған тұратын жер табылар. Қарттар үйіне барармын. Тек Аняны тастамандаршы!

– Мама, ақымақ болуды доғар. Сенің үйің бәрібір кейін бізге қалады емес пе. Ал баланы қажет деп тапсаң өзін ала бер, – деді Маринаның анасы Светлана қатқыл үнмен.

Варвара Семеновна перзентхананың алдынан кетпей қойды. Дәрігерлермен келісімге келуден үміттенді. Бірақ еш нәтиже болмады. Перзентханаға келіп тұрған күйеуіме медбикеден естіп жүрген осы әңгімелерімді айтып бердім.

– Саша, Анютканы біз асырап алсақ қалай қарайсың? Ұлымызбен, қызымызбен қатар өседі. Оны жақсы көретін әжесі бар, сол кісі келіп тұратын болады, сөйтіп нәрестеге де, әжейге де қуаныш сыйлаймыз. Біз оны туған балаларымыздан кем көрмес едік, – дедім қиылып.

Осылайша біздің отбасымызда үш бала болды: үлкеніміз Максим және Маша мен Аня. Үйіміз шаттыққа толды. Тағы бір бақыт – біздің үйде енді әже бар. Ол кісі өз шөбересі Аняны ғана емес, біздің екі баламызды да өзінің туысындай қабылдады. Жүрегі соншалықты кең екен. Ол өз отбасымен байланысын үзді.

Біз жан саны көбейді ғой деп пәтерімізді сатып, жер үй сатып алмақ болғанымызда Варвара Семеновна да өзінің қуықтай бөлмесін сатып, ақшасын бізге қосты. Қазір бәріміз бірге тұрып жатырмыз. Бізден бақытты адамдар жоқ қазір. Себебі, біз екі керемет адамды жанымызға алдық. Біздің Анютка мен Варя әжей!

Біз Марина мен оның анасы туралы ешқашан әңгіме қозғамаймыз. Оларға Құдай төреші.

Аударған
Нұржамал ӘЛШЕВА.